



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ұлттық Банк **ASTANA QALASYNYŇ BAS MESHITI** және **FATIMA QOLY** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2024 жыл, 21 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Қазақстанның мешіттері мен шіркеулері» сериясынан **ASTANA QALASYNYŇ BAS MESHITI** және «Сиқырлы нышандар» сериясынан **FATIMA QOLY** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Коллекциялық монеталар ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz/kz> интернет-дүкені арқылы сатылады. **ASTANA QALASYNYŇ BAS MESHITI** монетасы **2024 жылғы 25 қарашадан** бастап, ал **FATIMA QOLY 28 қарашада** айналысқа шығады.

ASTANA QALASYNYŇ BAS MESHITI коллекциялық монеталары туралы

ASTANA QALASYNYŇ BAS MESHITI монетасы «Қазақстанның мешіттері мен шіркеулері» сериясын жалғастырады. Монета 2022 жылы есігін айқара ашқан Астана қаласының орталық мешітіне арналған. Бұл мешіт – Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең ірі мешіт. Монетаның дизайнында Астана қаласының орталық мешітінің айшықталған бейнесі және мұсылманша сәлемдесуді білдіретін араб тіліндегі жазу бар.

Монеталар 925 сынамды күмістен дайындалған. Массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңге, таралымы – 1000 (бір мың) дана.

Монетаның бейнесі



FATIMA QOLY коллекциялық монеталары туралы

FATIMA QOLY (Фатима қолы) монетасы – «Сиқырлы нышандар» сериясының алтыншы монетасы. Монетаның дизайнында әртүрлі елдің мәдениетінде белгілі ашық алақан түріндегі қорғаныш тұмарының өрнектеліп айшықталған бейнесі берілген.

Монеталар эмаль жағу және алтын жалату технологиясын қолдану арқылы 925 сынамды күмістен дайындалған. Массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – antique silver, номиналы – 1000 теңге, таралымы – 3000 (үш мың) дана.

Монетаның бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz